

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№379**

**2019 жылғы 1 наурыз**

**2018 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы**

«2018 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы» облыс әкімінің орынбасары С.Т.Төленбергеновтің баяндамасын тыңдап және талқылай келе, облыста тұрғындарды жайлы тұрғын үйлермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығын облыстық мәслихат атап өтеді.

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде 870,0 мың шаршы метр жоспар болса, 2018 жылдың қорытындысы бойынша 908,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2017 жылға 14,7% өсті), оның ішінде бағыттар бойынша:

- 89,3 мың шаршы метр ЖАО облигацияларын шығару есебінен кредиттік тұрғын үй немесе 1317 пәтер;

- 5,2 мың шаршы метр жергілікті бюджет есебінен ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін тұрғын үй немесе 57 пәтер;

- 9,3 мың шаршы метр республикалық бюджет қаражаты есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй немесе 120 пәтер;

- 7,9 мың шаршы метр «ДБ» АҚ арқылы ҚТҚЖБ желісі бойынша кредиттік жеке тұрғын үй немесе 70 пәтер;

- 44,1 мың шаршы метр «ҚИК» АҚ желісі бойынша ЖАО кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін тұрғын үй немесе 566 пәтер;

- «Самұрық-Қазына» АҚ желісі бойынша ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін 29,5 мың шаршы метр жалдамалы тұрғын үй немесе 356 пәтер;

- 292,7 мың шаршы метр коммерциялық тұрғын үй немесе 2772 пәтер («Батыс» тұрғын алабындағы «Нектар» ӨК, «Керемет үй» ТҚК, «Жилище» ТҚК, «Даулет Групп» ЖШС, «Инвесткомплекс» ЖШС коммерциялық тұрғын үйлер);

- 430,6 мың шаршы метр жеке тұрғын үй немесе 2617 тұрғын үй халықтың қаражаты есебінен.

Барлығы 7875 пәтер салынды, оның ішінде 2617 жеке тұрғын үй және 5258 пәтер көппәтерлі үйлерде.

2018 жылдың қорытындысы бойынша тұрғын үйлер құрылысына 69,3 млрд. теңге инвестиция бағытталды, оның ішінде 11,6 млрд. теңге мемлекеттік инвестиция.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес отбасыларды көбірек қамту және 2030 жылы бір тұрғынға шаққанда қамтамасыз ету көрсеткішін 30 шаршы метрге дейін жеткізу қажет. Бұл үшін құрылыс көлемінің жыл сайын 8-10% деңгейінде өсуін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Ақтөбе облысының әкімі арасында жасалған меморандумға сәйкес «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қаржыландырудың барлық көздері есебінен тұрғын үйді іске қосу жоспары 939,5 мың шаршы метрді құрайды.

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізу нәтижесі келесі бағыттар бойынша тұрғын үй құрылысы есебінен жоспарлануда:

- 108,5 шаршы метр кредиттік тұрғын үй «Бәйтерек Девелопмент» АҚ желісі бойынша ЖАО облигацияларын шығару жолымен немесе 1656 пәтер («Нұр Ақтөбе» тұрғын үй алабындағы 27 үш қабатты және тоғыз қабатты кредиттік тұрғын үйлер);

-24,0 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй ӘКК желісі бойынша немесе 305 пәтер («Батыс 2»-де екі 5 қабатты тұрғын үй);

-18,5 мың шаршы метр сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үй немесе 256 пәтер (Мәртөк, Хромтау аудандарында және Ақтөбе қаласында 1,4 және 9 қабатты тұрғын үйлер);

-5,0 мың шаршы метр жалдамалы-коммуналдық тұрғын үй жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе 60 пәтер (Қобда, Мұғалжар және Ойыл аудандарындағы 1, 2, 8 пәтерлі тұрғын үйлер);

-353,0 мың шаршы метр Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік емес кәсіпорындардың қаражаты есебінен коммерциялық тұрғын үй немесе 2950 пәтер («Батыс» тұрғын үй алабында МЖД: «СК Ақтөбе» ЖШС, «Нектар» ӨК, «Заводсветотехника» ЖШС, «Инвесткомплекс» ЖШС, «Эдельвейс» ЖШС, «Сконур» ЖШС, «Сафина» ТҚК, «Керемет үй» ТҚК, «Пәтер 04» ТҚК, «СМП Групп» ЖШС және т.б. сияқты құрылыс салушылар);

-430,5 мың шаршы метр жеке тұрғын үй немесе 2800 үй Ақтөбе қаласы мен облыс аудандарында халықтың қаражаты есебінен.

Сонымен қатар, Ақтөбе облысында тұрғын үй құрылысын дамытуда мынадай өзекті мәселелер бар: жеке тұрғын үйлердің құрылысы үшін жер учаскелерін беру қарқыны төмен, жеке тұрғын үйлер құрылысының жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияны тартуды қаржыландыру жеткіліксіз, тұрғындардың төлем қабілеттіліктерінің және облыста құрылыстың көлемінің төмендеуі мемлекеттік тұрғын үйлерді қажет ететін азаматтар үшін тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етпейді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2018 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы» облыс әкімінің орынбасары

С.Т.Төленбергеновтің баяндамасы назарға алынсын.

2. Облыс әкімінің орынбасары (С.Т.Төленбергенов) және «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы» ММ (Н.Ж.Иманалин) ұсынылсын:

1) жоспарланған тұрғын үй нысандарын уақытылы пайдалануға беруді қамтамасыз ете отыра тұрғын үй құрылысы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды жалғастыру;

2) тұрғын үй құрылысы аудандарында тұрғын үйлерді салу және жаңа шағын аудандарда бақтарды, гүлзарларды орналастыру үшін қалақұрылысы құжаттарын уақытылы дайындауды қамтамасыз ету.

3. «Ақтөбе облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ (О.А.Сопрун) ұсынылсын:

1) салынып жатқан (құрылысы басталатын) нысандарды және кешендерді заңнамамен белгіленген тәртіпте тұрақты мониторингтеуді жүргізу бойынша жұмысты күшейту;

2) нысандардың құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалауды жүзеге асыруды жандандыру, сәулет-қалақұрылысы тәртібін бұзғандарға белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды жандандыру.

4. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы» ММ (Н.Ж.Иманалин) бірге ұсынылсын:

1) «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы Бағдарламасын іске асыруға бағытталған, бюджет қаражатын игеру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жауапкершіліктерін арттыру;

2) жеке тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру және жалға алу, несиелік тұрғын үйлерді қалыптастыру жолымен тұрғындарды қолжетімді және сапалы тұрғын үйлермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру;

3) салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды күшейту;

4) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын уақытылы пайдалануға беру бойынша шараларды жандандыру;

5) тұрғызылып жатқан құрылыс нысандарының сапасын, қауіпсіздігін және сенімділігін халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес көтеру бойынша шаралар қабылдау;

6) Қазақстанда шығарылған материалдарды салынып жатқан тұрғын үй нысандарында пайдалануды қамтамасыз ету;

7) «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ (Б.О.Елеусінова) бірге «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасын іске асырудағы қолда бар тетіктерді түсіндіру бойынша бірлескен кең көлемді жұмыстар жүргізу, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын, қоғамдық бірлестіктерді және үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

8) «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ (Г.Р.Сүйінтаева) бірге, тұрғындардың әлеуметтік осал

топтарына, әсіресе жетім балаларға, мүгедектерге және соғыс ардагерлеріне, көпбалалы аналарға, сондай-ақ жас отбасылар үшін тұрғын үй құрылысын қаржыландыру көлемін жыл сайын арттыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасарына (С.Т.Төленбергенов) және облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (М.С.Итеғұлов) жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Т. ЕСЕНҒҰЛОВ**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**